

Инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласындағы нысандарды бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 229 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 27 тамызда № 8639 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1113 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.11.2015 № 1113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына және 21-1-бабының 5-тармағына және 2-тармағына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына

с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а л а р :

- 1) осы бұйрыққа қоса беріліп отырған 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімнің нысаны;
 - 2) осы бұйрыққа қоса беріліп отырған 2-қосымшаға сәйкес инвестициялық келісімшартты орындау туралы жартыжылдық есептердің нысаны;
 - 3) осы бұйрыққа қоса беріліп отырған 3-қосымшаға сәйкес инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасын орындаудың ағымдағы жай-күйі актісінің нысаны
- б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің Инвестиция комитеті (Е. Хаиров) заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) «Инвестициялық келісімшартты орындау бойынша жартыжылдық есептердің үлгісін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 182 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 7757 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2012 жылғы 4 тамызда № 251-253 (27070-27072) жарияланған);

2) «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығының 1-тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 7760 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2012 жылғы 28 маусымда № 280-281 (27099-27100) жарияланған);

3) «Инвестициялық келісімшартты орындау бойынша жартыжылдық есептердің үлгісін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 185 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 7745 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2012 жылғы 22 тамызда № 280-281 (27099-27100) жарияланған);

4) «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 325 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде 7947 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2012 жылғы 17 қазандағы № 356-357 (27175-27176) жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрі Ә. Исекешев

К Е Л І С І Л Д І
Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігінің
төрағасының міндетін атқарушы
----- Ж.Ә. Жарқынбаев

2013 жылғы 25 шілде
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар

министрінің 2013 жылғы
 26 шілдедегі № 229 бұйрығына
 1-қосымша
 Нысан

Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.09.02 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | |
|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы туралы мәлімет | |
| 1. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының атауы |
| 2. | Заңды тұлғаны тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы ақпарат (күні, негізі) |
| 3. | Орналасқан жері: - заңды мекенжайы - нақты орналасқан жері |
| 4. | Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) |
| 5. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының басшысы (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (телефон, факс, электрондық почтасы) |
| 6. | Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бас бухгалтері (тегі, аты, әкесінің аты) (телефон, факс, электрондық почтасы) |
| 7. | Инвестициялық жобаның менеджері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (телефон, факс, электрондық почтасы) |
| 2. Инвестициялық жоба туралы мәліметтер | |
| 8. | Инвестициялық жобаның атауы |
| 9. | Инвестициялық жобаны іске асыру орны |
| 10. | Инвестициялау үшін таңдалған қызметтің басым түрі(лері) (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптаушы сыныптарының деңгейінде) |
| | Заңды тұлғаның тіркелген активтерге инвестициялардың көлемі қосылған күн |

| | | |
|----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 11. | салығын есепке алмастан (инвестициялық преференциялар ұсынуға өтінім берілген күнтізбелік жылдағы шығындар, және (немесе) алдағы кезеңдердің шығындары есепке алынады) | (теңге) |
| 12. | Жобаны қаржыландыру көздері, мыналардың болуы: - меншікті қаражаты - қарыз қаражаты - бюджеттік қаражат | (меншікті қаражаттың болуын растайтын құжаттың атауы, № , күні) (жобаны қаржыландыру көздерін белгілейтін құжаттың атауы, №, күні, кредитор) _____ - - - - (бюджет қаражаттарынан қаржыландыруды растайтын құжаттың атауы, №, күні) |
| 3. Жобаны іске асыру үшін қажетті инвестициялық преференциялар | | |
| 13. | 1) технологиялық жабдықтың, оның жинақтауыштарының; 2) технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектерінің, шикізат пен материалдардың импорты кезінде кеден баждарын төлеуден босату | 1) _____ (жеңілдетілген сома) 2) _____ (жеңілдетілген сома) |
| 14. | Кедендік тазарту орны | |
| 15. | Мемлекеттік заттай грант | _____ (алдын ала келісімді растайтын құжат) |
| 16. | Жер салығы бойынша жеңілдіктер* | _____ (мерзімі) |
| 17. | Мүлікке салық бойынша жеңілдіктер* | _____ (мерзімі) |
| 18. | Корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдіктер* | _____ (мерзімі) |
| 19. | Инвестициялық субсидия* | _____ (мың. теңге) жобаның алдыңғы құжаттамасымен көзделген шығындар құнының шеңберінде мемлекеттік сараптама қорытындысы бар сома көрсетіледі |
| 20. | Шетелдік жұмыс күшінің саны*, оның ішінде : 1) басшылар, 2) жоғары білімі бар мамандар, 3) білікті жұмысшылар | 1. _____ (адам саны) 2. _____ (адам саны) 3. _____ (адам саны) |

*инвестициялық басым жобаны іске асыратын заңды тұлғаға арналған.

4. Алынып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.09.02 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

5. Инвестициялық жоба бойынша жұмыс бағдарламасы

Инвестор атауы: _____

1-бөлім: Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге

| Шығын баптары | растайтын құжаттар | | | Тіркелген активтерді пайдалануға беру күні | күнтізбелік жыл | | | күнтізбелік жыл | |
|------------------------|--------------------|---|------|--------------------------------------------|-----------------|-----------------|-------------------|-----------------|-----------------|
| | контрагент | № | күні | | 1 - жартыжылдық | 2 - жартыжылдық | Жыл бойынша жиыны | 1 - жартыжылдық | 2 - жартыжылдық |
| | | | | | | | | | |
| 1.бөлім бойынша жиыны: | | | | | | | | | |

2-бөлім: Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер, шикізат және материалдар импорты, саны

| Шығын баптары | растайтын құжаттар | | | өлшем бірлігі | игеру кезеңі | | | игеру кезеңі | |
|---------------------------------------|--------------------|---|------|---------------|-----------------|-----------------|-------------------|-----------------|-----------------|
| | контрагент | № | күні | | 1 - жартыжылдық | 2 - жартыжылдық | Жыл бойынша жиыны | 1 - жартыжылдық | 2 - жартыжылдық |
| 1. Қосалқы бөлшектер, оның ішінде: | | | | | | | | | |
| 2. Шикізат, материалдар, оның ішінде: | | | | | | | | | |
| 2-бөлім бойынша жиыны: | | | | | | | | | |

3-бөлім. Өндірістік көрсеткіштер, өнімнің заттай көрініс саны

| р/с | Тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет атауы | Күнтізбелік жыл | | |
|--------------------------|-----------------------------------------|-----------------|---------------|-------------------|
| | | 1 жартыжылдық | 2 жартыжылдық | Жыл бойынша жиыны |
| 3-бөлім бойынша жиынтығы | | | | |

6. Кеден одағының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден баждарын салудан босатылатын, импортталатын технологиялық жабдық пен оның жиынтықтауыштарының, қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың тізімі және көлемі.

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| № р/с | Атауы | КО СЭҚ ТН коды | Өлшем бірлігі | Саны | Тауарларды бірдей сыныптауға мүмкіндік беретін құжаттар* |
|----------|-------|-------------------|---------------|------|-------------------------------------------------------------------------|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| Жиыны: | | | | | |

*Тауарларды жіктеу бойынша ақпарат тауарлардың толық коммерциялық атауды, фирмалық атауды, тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамаларын және өзге де ақпаратты, оның ішінде бұйымдардың фотосуреттерін, суреттерін, сызбаларын, паспорттарын, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін және өтініш берген басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған басқа да құжаттарды қамтуы тиіс.

7. Өтінімге қосымшалар:

- 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
- 2) басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған заңды тұлға жарысының көшірмесі;
- 3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7760 болып тіркелген, «Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығымен бетіліген Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау жөніндегі талаптарға сәйкес құрастырылған инвестициялық жобаның бизнес-жоспары;
- 4) құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құнын және инвестициялық жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын, тіркелген активтерді, шикізатты және (немесе) материалдарды сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін құжаттардың басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірмелері ;
- 5) **Алынып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.09.02 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.**
- 6) өтінім берген заңды тұлға сұрау салған мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) және оның берілуі алдын ала келісілгендігін растайтын құжаттар ;
- 7) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша

салық органының анықтамасы;

8) өтінім инвестициялық субсидияны қарастырған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік сараптама қорытындысы бар басшының қолымен, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған жобадан алдыңғы құжаттама;

9) шетел жұмыс күші тарылған жағдайда осы өтінімге сәйкес нысанда мәліметтер ұсынылады, сондай-ақ басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған немесе нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелері мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармаларымен бірге:

жеке басты куәландыратын құжат;
тартылатын шетел жұмысшысы мен жұмыс берушінің арасында жасалған еңбек шарты ұсынылады.

8. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы өтінімде және қоса беріліп отырған құжаттарда қамтылған ақпараттың дұрыстығын (растығын) мәлімдейді және кепілдік береді, ұсынылған ақпарат үшін жауапты болады және «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату шарттарымен танысқан.

9. Осымен Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы: Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісі;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасына сәйкес дербес білім беру ұйымы;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымы болып табылмайтынын растайды.

(Қазақстан Республикасы заңды тұлғасы басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы, мөрі және күні)

Инвестициялық беруге арналған өтінімге қосымша

преференцияларды

Тартылатын шетел жұмыс күші туралы мәлімет

Ескерту. Өтінім қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.09.02 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

| № | Аты-жөні (сонымен қатар латын әріптерімен) | Туылған күні | Азаматтығы / Тұрғылықты елі | Куәлігінің нөмірі, берілген күні мен берген орган (жеке басын куәландыратын құжат) | Тартылатын кезеңі (ай жыл) |
|---|--------------------------------------------|--------------|-----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| | | | | | |

(Қазақстан Республикасы заңды тұлға (қолы, мөр және күні) басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 229 бұйрығына 2-қосымша
 Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

20__ ж. «__» №_____ инвестициялық келісімшартты орындау туралы жартыжылдық есеп

(Инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғаның атауы) (Жобаны іске асыру орны)

Есепті кезең: 20__ жылғы__ жартыжылдық
 Индексі: № 1 – И К нысан

Кезеңділігі: Жартыжылдық
 Инвестициялар бойынша уәкілетті органмен инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары ұсынады
 Тапсыру мерзімі: есептік кезеңнен кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін және ағымдағы жылғы 25 шілдеге дейін

1-бөлім. Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге

| Шығын баптары | Жоспар | Факт | ауытқулар (+;-) | Ауытқу себебі | Растау құжаттары |
|---------------|--------|------|-----------------|---------------|------------------|
| | | | | | |

| | | | | | | |
|--------------|---------------------------|---|---|---|---|------------------|
| Р/н № | | | | | | атауы, №, к) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1.1 | | | | | | |
| | Пайдалануға енгізген күні | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | |

2-бөлім. Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер, шикізаттар мен материалдар импорты

| | | | | | | |
|--------------|-------------------------------------------------|--|--|--|--|--|
| 2.1 | Қосалқы бөлшек (саны, өлшем бірлігі) | | | | | |
| 2.1.1 | Атауы | | | | | |
| | Теңгерім есептерінде кірістерді растайтын құжат | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| 2.2 | Шикізат және материалдар (саны, өлшем бірлігі) | | | | | |
| 2.2.1 | | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | |

3 - Бөлім. Өндірістік көрсеткіш

(шығарылатын өнімнің атауы)

| | | | | | | |
|--------------|--------------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|
| 3.1 | Өнімді шығарудың/ қызметтерді көрсетудің басталған күні | | | | | |
| 3.2 | Өндірілген өнімнің/ көрсетілген қызметтің көлемі | | | | | |
| 3.3 | Пайдаланылған шикізаттың және материалдың көлемі (3-қосымша) | | | | | |
| 3.3.1 | | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |

Осымен инвестициялық Келісімшарттың талаптарына сәйкес сатып алынған тіркелген активтердің және берілген мемлекеттік заттай гранттың нысаналы

мақсатының өзгертілмегенін және тіркелген активтер жалға берілмегенін, иеліктен айырылмағанын растаймыз. Көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және түпнұсқалығын куәландырамыз.

Орындаушы _____ Тел. _____
Тегі, аты, әкесінің аты
E-mail _____ Қолы _____
Басшы _____ Қолы _____
Тегі, аты, әкесінің аты
Бас бухгалтер _____ Қолы _____ М.О.
Тегі, аты, әкесінің аты

«Инвестициялық келісімшартты орындау туралы жарты жылдық есеп» нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1. «Инвестициялық келісімшартты орындау туралы жарты жылдық есеп» нысаны «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген.

2. «Инвестициялық келісімшартты орындау туралы жарты жылдық есеп» нысаны, Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен белгіленген активтердің пайдалануға берілуін, технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектердің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығын баптары бойынша толық жазылып, 25 қаңтардан және 25 шілдеден кешіктірмей ұсынылады.

3. Нысан келесі түрде толтырылады:

1-бөлім. «Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге»:

«Р/с №» деген 1-бағанда рет бойынша нөмірмен көрсетіледі. Кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс;

«Шығын баптары» деген 2-бағанда есептік кезеңдегі «Жұмыс бағдарламасы» инвестициялық келісімшартқа 1-қосымшадан шығын баптары көрсетіледі;

«Жоспар» деген 3-бағанда есептік кезеңдегі «Жұмыс бағдарламасы» инвестициялық келісімшартқа 1-қосымшадан шығын сомасы көрсетіледі;

«Дәлел» деген 4-бағанда есептік кезең ішінде расталатын құжаттарға сәйкес шығын сомасы көрсетіледі;

«Ауытқу (+;-)» деген 5-бағанда «4» баған дерегінен «3» баған дерегін шегереміз;

«Ауытқу себебі» 6-бағанда «4» және «3» бағанар арасында туындаған айырмашылық себебі көрсетіледі;

«Растаушы құжаттар (атауы, №, күні)» деген 7-бағанда есептік кезеңдегі шығын сомасын растайтын құжаттың атауы, құжат нөмірі және күні көрсетіледі;

«Пайдалануға енгізілген күні» деген жолда 1.1-жолдың шығын бабында көрсетілген, тіркелген активтердің пайдалануға енгізілген күні көрсетіледі;

1-бөлімнің қалған жолдары «1.1» жолға ұқсас толтырылады.

2-бөлім. «Технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, өлшем бірлігінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты».

2-бөлімнің деректері 1-бөлімге ұқсас толтырылады, бұл ретте «Шығын баптары» және «Жоспар» деген бағандардың көрсекіштері инвестициялық келісімшартқа 2-қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

3-бөлім. «Өндірістік көрсеткіштер»

«Жоспар» деген бағандағы 3-бөлімнің деректері инвестициялық келісімшарт жасаған заңды тұлға Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтініміне ұсынылған бизнес-жоспардан көрсетіледі. Қалған көрсеткіштер 1 және 2-бөлімдерге ұқсас толтырылады.

Қосымшалар: тіркелген активтердің пайдалануға енгізілгенін, технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектердің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды Инвестициялық келісімшартты жасасқан басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған көшірмелері қоса беріледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Индустрия және жаңа технологиялар

министрінің 2013 жылғы

26 шілдедегі № 229 бұйрығына

3-қосымша

Нысан

Инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасын орындаудың ағымдағы жай-күйінің

20 жылғы _____ № _____

АКТИСІ

№ _____

20__ ж. «__» _____

1-бөлім. Тіркелген активтерге инвестициялар*

| | |
|---------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|
| Келісімшартқа 1-қосымшаның және 2-қосымшаның 1-бөлімнің мәліметтері | Тексеру барысында анықталған нақты деректер |
|---------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|

| № | Шығын баптары | Сомасы (мың теңге) | Пайдалануға енгізілген күні | Сомасы (мың теңге) | Пайдалануға енгізілген күні | Сомасының ауытқуы, +/- («5» баға баған) |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------------|-----------------------------|--------------------|-----------------------------|-----------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1.1 | | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| | Жиыны: | | | | | |
| Растау құжаттарын көрсете отырып, нақты көрсеткіштердің жоспарлыдан ауытқу себептері мен дәлелдері | | | | | | |

2-бөлім. Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер, шикізаттар мен материалдар импорты

Тексеру кезеңі: _____ жылдың _____ жартыжылдығы - _____ жылдың _____ жартыжылдығы

| № | Келісімшартқа 1-қосымшаның және 3-қосымшаның 2-бөлімінің мәліметтері | Тексеру барысында анықталған нақты деректер | | Сомасының ауытқуы - («4» баған - «3» баған) |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------------|
| | Шығын баптары | Саны, өлшем бірлігі | Саны, өлшем бірлігі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2.1 | Қосалқы бөлшегі | | | |
| 2.1.1 | | | | |
| және т.б. | | | | |
| 2.2 | Шикізаттар мен материалдар | | | |
| 2.2.1 | Атауы | | | |
| және т.б. | | | | |
| | Жиыны: | | | |
| Растау құжаттарын көрсете отырып, нақты көрсеткіштердің ауытқу себептері мен дәлелдері | | | | |

Тексерушінің қолы _____

тұлғаның қолы

Инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды _____

3-бөлім. Өндірістік көрсеткіштер

Шикізаттар мен материалдардың шығарылған өнімнің бірлігіне шаққандағы шығыс нормасы (инвестициялық преференцияларды алуға өтінім берген кезде ұсынылған бизнес-жоспардан деректер).

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| Шығарылған өнімнің және / немесе көрсетілген қызметтің атауы | Өнімді шығарудың/ қызметтерді көрсетудің басталған күні | Шығарылған өнімнің/ көрсетілген қызметтің көлемі | Импортталған шикізат және материалдардың шығысы | Растайтын құжат: |
|--------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|-------------------------------------------------|------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Қосымшалар:

- 1) инвестициялық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауды растайтын құжаттардың жиынтық тізілімі;
- 2) инвестициялық қызмет объектісінің фото суреттері;
- 3) инвестициялық келісімшартқа қатысты қосымша құжаттар.

Тексеруші: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мен, _____

(Тегі, аты, әкесінің аты және инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлға басшысының лауазымы)

тексеру үшін берілген құжаттардың түпнұсқалылығын мен нақтылығын растаймын. Тексерудің нәтижелерімен таныстым.

_____ (өткізілген тексеру бойынша ескертулер және/немесе ұсыныстар)

(қолы және мөрі)

Бас бухгалтер: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

*бұрын тексеру өткізілген жағдайда, 1-бөлім толтырылмайды.